

## Қызылорда облысы Арал ауданы Арал қаласының шекарасын (шегін) өзгерту туралы

Бірлескен Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 16 мамырдағы № 787 қаулысы және Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 16 мамырдағы № 120 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 сәуірде № 5880 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының Жер кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексіне және "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Осы қаулы мен шешімнің қосымшасына сәйкес Қызылорда облысы Арал ауданы Арал қаласының шекарасы (шегі) Арал ауданының әкімшілік аумағы жерлерінен жалпы алаңы 2864 гектар жерлерді қосу арқылы жалпы алаңы 6813 гектар болып өзгертілсін.

2. Осы қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау Арал ауданының әкімі М. Ә. Оразбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының  
әкімі

\_\_\_\_\_ Қ. Көшербаев

Қызылорда облыстық  
мәслихаты хатшысы

Қызылорда облыстық  
мәслихатының кезектен тыс  
13-сессиясының төрағасы

\_\_\_\_\_ А. Махамбетов

\_\_\_\_\_ Н. Байқадамов

Қызылорда облысы әкімдігінің  
2017 жылғы "16" мамыр №787 қаулысына  
және Қызылорда облыстық мәслихатының  
2017 жылғы "16" мамыр №120 шешіміне  
қосымша

## Қызылорда облысы Арал ауданы Арал қаласының шекарасына (шегіне) Арал ауданының әкімшілік аумағы жерлерінен қосылатын жерлердің экспликациясы

№	Жерлердің атауы	Жалпы көлемі ( гектар )	Оның ішінде:	
			елді мекендердің жері	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер
				босалқы жерлер

1	2	3	4	5	6
1	Арал қаласының бекітілген шекарасы (шегі)	3949	3949	-	-
2	Арал қаласының шекарасына (шегіне) Арал ауданының әкімшілік аумағы жерлерінен қосылатын жерлер	2864	-	72	2792
3	Арал қаласының шекарасы (шегі)	6813	3949	72	2792

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ